

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

WF-5000

Медициналық электрондық
инфрақызыл термометр

KZ



4819366

PRO

MED

TECHNO

Қаптамаларда қолданылатын таңбалардың мағынасын ашу:

Таңба



Мәні

Сәйкестік белгісі. Өнімге сәйкестік туралы декларация рәсімделген
Өлшеу құралының түрін бекіту белгісі

Пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа жүгініңіз

Тұрмыстық қоқыспен бірге тастамаңыз

BF түріндегі бұйым


CE сертификаттау

Өндіруші

Үлгісі

Сериялық нөмірі
Кеден одағына мүше мемлекеттердің нарығындағы өнімнің бірыңғай айналым белгісі

Қолдану температурасы бойынша шектеу



Сақтау температурасы бойынша шектеу

МЕДИЦИНАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ИНФРАҚЫЗЫЛ ТЕРМОМЕТР WF СЕРИЯСЫ WF-5000

Мазмұны

1. КІРІСПЕ.....	4
2. ЖОҒАРЫ ТЕМПЕРАТУРА	5
3. ҚОЛДАНАР АЛДЫНДА МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ	6
4. АСПАПТЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ИНДИКАЦИЯЛАУ ЭЛЕМЕНТТЕРІ.....	7
5. СҒЫЙҚ КРИСТАЛДЫ ДИСПЛЕЙДІҢ СИПАТТАМАСЫ.....	8
6. БАТАРЕЯЛАРДЫ ОРНАТУ ЖӘНЕ АУЫСТЫРУ	9
7. ЦЕЛЬСИЙ МЕН ФАРЕНГЕЙТ ШКАЛАЛАРЫ АРАСЫНДА АУЫСУ	10
8. ТЕМПЕРАТУРАНЫ ӨЛШЕУ	10
Адам денесінің температурасын өлшеу:	10
Судың, ауаның және заттар бетінің температурасын өлшеу	12
9. ЖАД ФУНКЦИЯСЫ	13
10. АҚАУЛЫҚТАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ.....	15
11. КҮТУ МЕН ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ.....	16
12. ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР ЖӘНЕ ЖИЫНТЫҚТЫЛАУ.....	17
13. САЛЫСТЫРЫП ТЕКСЕРУЛЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР.....	18
14. СТАНДАРТТАРҒА СӘЙКЕСТІК	18
15. САҚТАУ	18
16. КӘДЕГЕ ЖАРАТУ	19
17. КЕПІЛДІК.....	19

1. КІРІСПЕ

WF-5000 түйіспесіз инфрақызыл термометрін таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз.

WF-5000 медициналық инфрақызыл термометрі дене температурасын, қоршаған ортаны және заттарды түйіспесіз өлшеуге арналған.

Қолдану саласы: инфрақызыл термометрлер жеке қолдануға арналған, сондай-ақ медициналық мекемелерде және үйде медициналық көмек көрсету қызметтерінде қолданыла алады.

Инфрақызыл технологияны қолдана отырып жасалған бұл термометр температураны адамның маңдайынан немесе заттардан шыққан жылу арқылы 1 секунд ішінде анықтайды.

Жанасусыз өлшеу — түйіспесіз термометрдің бірегей қасиеті!

Термометрдің мынадай артықшылықтары бар:

1. **Біреуінде үш термометр** — адамның дене температурасын, қоршаған ауаның температурасын және заттар бетінің температурасын өлшеу.
2. Адам денесінің температурасын өлшеу режиміндегі **жоғары температура туралы дабыл.**
3. **°C/°F ауысу функциясы (Цельсий/Фаренгейт)**
4. **10 сақталған көрсеткішті жадтан шақыру**
Температураны өлшеудің соңғы 10 нәтижесін жадтан шақыру функциясы.

5. Лезде өлшеу

Бірегей технологияның негізінде пайдаланушылар дәл дене температурасын бірден және дұрыс біле алады.

6. Автоматты сөндіру.

Батареяларды үнемді пайдалану үшін құрылғы бір минуттан артық пайдаланылмаса, автоматты түрде өшеді.

7. Батарея разрядының индикаторы

8. Ескерту индикациясы

«Lo»/«Hi» (Төмен/Жоғары) таңбалары температураның өлшеуден тыс шығуын көрсетеді.

9. Ірі СК-дисплей

Аспаптың үлкен СК-дисплейі бар, нәтижелер оңай оқылады.

10. **Гигиена нормаларын сақтау** Түйіспесіз медициналық термометр санитарлық нормаларды сақтау талаптарына сүйене отырып, температураны анықтау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Термометрді адамның маңдайына жақындатып, температураны қашықтықтан өлшеңіз.

11. Дәлдік пен сенімділік

12. Ықшамдылық

Шағын және жеңіл аспап үйде және сапарларда қолдануға өте ыңғайлы.

13. Интуитивті интерфейс

Аспаппен жұмыс істеу үшін баптау батырмаларын қолданудың нақты алгоритмінің арқасында арнайы дағдылар қажет емес.

2. ЖОҒАРЫ ТЕМПЕРАТУРА

Жоғары температура — бұл ауру емес, белгі. Әдетте бұл ағзаның жұқпамен күресіп жатқандығының белгісі. Шындығында бұл дене температурасының 37 °C жоғары артуымен және жүрек соғу және тыныс алу жиілігінің артуымен сипатталатын ағзамыздың қорғаныс реакциясы.

Ағзамыздың қалыпты температурасы оны тікішектік өлшесе шамамен 37,5 °C тең, ауыз температурасы шамамен 0,5 °C (37 °C) төмен, ал қолтық тұсындағы температура шамамен 1 °C (36,5 °C) төмен болады.

Сондықтан температураны барынша тиімді тәсілмен дұрыс өлшеу және дене температурасы жоғары болуы мүмкін сәттерде (жүрген кезде, тамақ ішкеннен кейін) өлшемеу өте маңызды.

Сау адамның температурасына мынадай факторлар әсер етеді:

- Зат алмасудың жеке ерекшеліктері
- Жасы (сәбилер мен кішкентай балалардың дене температурасы жоғарырақ, өсе келе ол төмендейді. Балаларда айтарлықтай температураның ауытқулары тезірек және жиірек болып тұрады.)
- Киім
- Қоршаған ортаның температурасы
- Күн уақыты (таңертең дене температурасы төмен, ал кешке қарай ол жоғарылайды)
- Денеге түскен алдыңғы жүктеме
- Өлшеу тәсілі
- Етеккір циклінің фазасы
- Самай тұсында немесе маңдай тұсында кір немесе тердің болуы (маңдайда өлшеген кезде)

 **Есіңізде болсын, термометр температура өлшенетін үй-жайда кем дегенде жарты сағат болуы керек, әйтпесе өлшеу нәтижесі дұрыс болмауы мүмкін.**

ӨЛШЕУ ТӘСІЛІ	ТЕМПЕРАТУРАЛАРДЫҢ ҚАЛЫПТЫ МӘНІ
Аксиларлы	35,2 - 36,7°C
Ауыз арқылы	35,7 - 37,3°C
Тікішектік	36,2 - 37,7°C

Маңдайды инфрақызыл термометрмен өлшеу режимінде көрсетілетін температураның барлық мәндері шамамен электрондық термометрдің көмегімен ауыз арқылы өлшеген кездегідей болып табылады.

3. ҚОЛДАНАР АЛДЫНДА МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ

Бұл аспапты пайдалану кезінде төменде келтірілген барлық нұсқауларды орындауыңызды сұраймыз.

Оларға қайшы келетін кез-келген әрекет денсаулыққа зиян келтіруі немесе өлшеу дәлдігіне әсер етуі мүмкін.

1. Аспапты өлшеу сенсорын оны қолданғаннан кейін әр рет сұртуды ұмытпаңыз.
2. Саусақтарыңыздың өлшеу датчигімен тікелей жанасуынан аулақ болыңыз.
3. Температураны 3 рет өлшеу ұсынылады. Егер көрсеткіштер әр түрлі болса, ең жоғары көрсеткішті қолданыңыз.
4. **Өлшеу алдында өмделушілер мен термометр кемінде кемінде 30 минут бойы тұрақты бөлме температурасында болуы тиіс.**
5. Дене жаттығуларынан, шомылудан немесе ашық ауада болғаннан кейін температураны 30 минуттан ерте өлшемеңіз.
6. Қоршаған ортаны қорғау үшін пайдаланылған батареяларды ұлттық немесе жергілікті қаулыларға сәйкес кәдеге жаратыңыз.
7. Термометрді тек мақсатына сай қолданыңыз.
8. Өлшемдер арасында 1 минуттық аралық жасаңыз. Қысқа уақыт ішінде бірқатар өлшеулерді жүргізген кезде шамалы ауытқулар болуы мүмкін. Егер аралықты сақтау мүмкін болмаса, орташа температура мәндерін қолданыңыз.
9. Адам денесінің температурасы үнемі өзгеріп отырады және әртүрлі факторларға байланысты.
10. Кез-келген жағдайда температураны өлшеу нәтижесі ТЕК ақпарат үшін қолданылады. Қандай да бір медициналық шаралар қолданбас бұрын өз дәрігеріңізбен кеңесіңіз.




Қарсы көрсетілімдер: анықталмаған.




Сақтық шаралары:

- Термометр тек ересектердің бақылауымен қолданылуы тиіс.
- Термометрді жөндемеңіз және қайта жасамаңыз.
- Аспапты, батареяларды ауыстыруды есептемегенде, бөлшектемеңіз.
- Термометр құрылымына қандай да бір өзгерістер енгізуге жол берілмейді.
- Термометрді өте жоғары температураны (маңдай температурасын өлшеу режимінде 50°C-тан жоғары, заттың температурасын өлшеу режимінде 100°C-тан жоғары) өлшеуге, өте жоғары ылғалдылықта (85% - дан жоғары) немесе тікелей күн түсуі жағдайында өлшеу үшін пайдаланбаңыз.
- Аспапты ылғалды жерлерде, жоғары температурада, тікелей күн түсуі жағдайында сақтаудан аулақ болыңыз.
- Құрылғыны қатты сілкіністерден немесе құлаудан сақтаңыз.
- Термометрді тек белгіленген мақсатта ғана пайдаланыңыз.

4. АСПАПТЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ИНДИКАЦИЯЛАУ ЭЛЕМЕНТТЕРІ




5. СҰЙЫҚ КРИСТАЛДЫ ДИСПЛЕЙДІҢ СИПАТТАМАСЫ



6. БАТАРЕЯЛАРДЫ ОРНАТУ ЖӘНЕ АУЫСТЫРУ


Батареялардың разрядталғаны туралы ескерту

Экранда батареялардың  таңбасы пайда болғанда, олар жақында ауыстыруды қажет етеді. Дисплейде «Lo» әріптері және  батареялардың таңбасы пайда болған кезде, олар кезектегі көрсеткішті алу алдында ауыстыруды қажет етеді. Бұл аспапта қайта зарядталатын батареялар қолдануға жарамды.



Батареяларды ауыстыру:

1. Батарея бөлігінің қаппағын ақырын артқа сырғытыңыз.
2. Ескі батареяларды абайлап алыңыз және оларды дұрыс кәдеге жаратыңыз.
3. Полярлықты ескере отырып, жаңа батареяларды (1,5 В AAA түріндегі екі сілтілі батарея) салыңыз.
4. Батарея бөлігінің қаппағын қайтадан жабыңыз.




ЕСКЕРТПЕ:

1. Батареяларды кішкентай балалардың қолы жетпейтін жерде және жылу көздерінен алыс жерде сақтаңыз.
2. Егер аспап ұзақ уақыт пайдаланылмайтын болса, батареяларды шығарып қою ұсынылады.
3. Аспап ұзақ уақыт жұмыс істемеген жағдайда, одан барлық батареяларды алып қойыңыз. Батареяларды жергілікті экологиялық және басқа ережелерге сәйкес кәдеге жарату керек.

7. ЦЕЛЬСИЙ МЕН ФАРЕНГЕЙТ ШКАЛАЛАРЫ АРАСЫНДА АУЫСУ

1. Қуат батырмасын басып, термометрді қосыңыз. Аспап алдымен экранның барлық элементтерін көрсете отырып, автоматты тестілеуді орындауға ауысады, содан кейін ол жұмысқа дайын екенін көрсетеді.
2. Бір уақытта «**MEM**» (Жад) және «**Режимді таңдау**» батырмасын басыңыз. Бұл режимді Цельсий шкаласына немесе Фаренгейт шкаласына ауыстыруға әкеледі. Дисплейде қажетті өлшем бірлігі (°C немесе °F) көрсетілгеннен кейін, аспап өлшеуге дайын.




❗ ЕСКЕРТПЕ:

Режимді қайта қосу үшін «**MEM**» (Жад) батырмасын және «**Режимді таңдау**» батырмасын, режим Цельсий шкаласына немесе Фаренгейт шкаласына ауысқанға дейін бір уақытта тағы бір рет басыңыз.

8. ТЕМПЕРАТУРАНЫ ӨЛШЕУ

Адам денесінің температурасын өлшеу:


1. Термометрді іске қосу үшін  “Қуат беру батырмасын” басыңыз.
2. Аспап алдымен экранның барлық элементтерін көрсете отырып, автоматты тестілеуді орындауға ауысады, содан кейін ол жұмысқа дайын екенін көрсетеді.
3. Аспаптың суретте көрсетілгендей маңдайды  сканерлеу режимінде екенін тексеріңіз. Қажет болса, «**Режимді таңдау**» батырмасын  басу арқылы режимді ауыстырыңыз. Дыбыстық сигналдарсыз өлшеу үшін (мысалы, түнде) «**Түнгі режим**»  таңдаңыз.



4. Термометрдің алдыңғы жағын адамның маңдайына бағыттаңыз (өлшеу датчигі қастардың ортасындағы нүктеге бағытталуы керек). Термометрді маңдайыңыздан шамамен 3 см қашықтықта ұстаңыз.



5. «**MEASURE**» батырмасын басып, босатыңыз (Сканерлеу/ өлшеу батырмасы). Өлшеу үшін дұрыс қашықтық табылғанға дейін термометрді маңдайға қарай немесе одан алыстатып баяу жылжытыңыз.







Сіз өлшеу жасалғанын білдіретін қысқа дыбыстық сигналды естисіз.

Өлшенген температура экранда көмескі жарықпен көрсетіледі.



ЕСКЕРТПЕ: өлшеу үшін дұрыс қашықтық табылғанға дейін, термометр экранда төмендегі таңбаларды көрсетеді (20 секунд ішінде). Одан әрі термометр күту режиміне өтеді.




6. Аспап 60 секундтан артық пайдаланылмаса, автоматты түрде өшеді, бұл батареялардың қызмет мерзімін ұзартады.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!


1. Маңдайдың температурасын өлшеу режимінде экранда күлімсіреген жүз бейнесі пайда болады, бұл дене температурасы 38°C (100,4°F) төмен екенін көрсетеді. Егер дене температурасы 38°C-қа тең немесе одан жоғары болса (100,4°F), сіз экранда тұнжыраған жүзді көресіз, ал жарықдиоды жанады.




2. Маңдай температурасын өлшеу режимінде көрсетілген барлық температура мәндері ауыз арқылы өлшеу кезіндегімен шамамен бірдей.
3. Дененің кез-келген басқа бөлігінде температураны өлшеуге тырысу нақты емес көрсеткішке әкелуі мүмкін.

Судың, ауаның және заттар бетінің температурасын өлшеу

1. Термометрді іске қосу үшін “Қуат беру батырмасын” басыңыз.
2. Аспап алдымен экранның барлық элементтерін көрсете отырып, автоматты тестілеуді орындауға ауысады, содан кейін ол жұмысқа дайын екенін көрсетеді.
3. «Рөжимді таңдау» батырмасын басыңыз және суретте көрсетілгендей, аспап затты сканерлеу режимінде екенін тексеріңіз. Дыбыстық сигналдарсыз өлшеу үшін (мысалы, түнде) «Түнгі рөжим»ді таңдаңыз.
4. Термометр датчигінің алдыңғы жағын кеңістіктегі



нүктеге, судың немесе заттың бетіне бағыттаңыз.



Термометрді объектіден шамамен 3 см қашықтыққа жақындатыңыз.
«**MEASURE**» батырмасын басып, босатыңыз (Сканерлеу/ өлшеу батырмасы).

5. Сіз өлшеу жасалғанын білдіретін қысқа дыбыстық сигналды естисіз. Өлшенген температура экранда көмескі жарықпен көрсетіледі.
6. Аспап 60 секундтан артық пайдаланылмаса, автоматты түрде өшеді, бұл батареялардың қызмет мерзімін ұзартады.



9. ЖАД ФУНКЦИЯСЫ


Жадтан шақыру

Дәрігерге немесе білікті медицина қызметкеріне көрсету үшін Сіз соңғы 10 өлшеу нәтижелерін жадтан шақыра аласыз.

1. Аспап қосылған кезде **"MEM"** батырмасын (Жад батырмасын) бір рет басу  таңбаның сүйемелдеуімен соңғы өлшемнің көрінісін шақырады.
2. Жадта сақталған әрбір өлшеу кезінде экранда адамның немесе заттың температурасы өлшенгенін көрсететін  таңба немесе  таңба пайда болады.




3. Сол батырманың әр басуы алдыңғы өлшемді  1 таңбаларын, содан кейін  2 таңбасын және тағы басқа 9-ға дейін таңбаларды экранға шығарады.



Жадтан жою

1. Барлық көрсеткіштерді жадтан өшіру үшін аспапты қосыңыз және «**MEM**» (Жад батырмасы) батырмасын кем дегенде 3 секунд ұстап тұрыңыз
2. СК-дисплейде  таңбасы көрсетіледі және аспап барлық жад ұяшықтарының тазаланғанын білдіретін дыбыстық сигнал береді.



❗ ЕСКЕРТПЕ: адам режимінде немесе зат режимінде алынғанына қарамастан, барлық көрсеткіштер жойылады.

3. Автоматты түрде 11-ші өлшемде, 10 жад ұяшығы толтырылған кезде, кез-келген жаңа өлшем  таңбасымен бірге жазылады, ал ең ескі жад ұяшығы Сізден ешқандай әрекет талап етпей автоматты түрде өшіріледі.

10. АҚАУЛЫҚТАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ


Аспап жұмыс істемесе немесе температура дұрыс өлшенбесе, дисплейде қате туралы хабар төменде сипатталғандай пайда болады.

Дисплейдегі кескін	Себеп	Мәселені шешу
	Өлшенген температура, қарағанда жоғары 1. Термометр маңдай температурасын өлшеу режимінде 50°C (122.0°F) 2. Термометр зат температурасын өлшеу режимінде 100°C (212.0°F)	Термометрді тек белгіленген температура ауқымында қолданыңыз.
	Өлшенген температура, қарағанда төмен 1. Термометр маңдай температурасын өлшеу режимінде 10°C (50.0°F) 2. Термометр зат температурасын өлшеу режимінде 0°C (32.0°F)	Қажет болса, датчиктің ұштығын тазалаңыз. Қате туралы хабарлама қайта пайда болған кезде сервис орталығына хабарласыңыз.
	Қоршаған орта температурасы 16 °C ~ 35 °C (60.8 °F-тан 95 °F-қа дейін) ауқымынан тыс.	Термометрді ауа температурасы 16 °C-тан 35 °C-қа дейінгі бөлмелерде ғана қолданыңыз.


11. КҮТУ МЕН ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ**Өлшеу датчигі және инфрақызыл радар**

Спиртке малынған тампонмен абайлап тазалаңыз.

Линзаны тазалау үшін суды қолданбаңыз.

**Термометрдің корпусы**

Жұмсақ, құрғақ матамен тазалаңыз. Аспапты тазалау үшін суды қолданбаңыз.



12. ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР ЖӘНЕ ЖИЫНТЫҚТЫЛАУ

Өлшемдері	141 × 42 × 55 мм
Салмағы	120 г (батареялармен бірге)
Өлшенетін температура ауқымы	
Дене температурасы	10°C~50°C
Заттың температурасы	0°C~100°C
Өлшеу қателігі	
Дене температурасы	22°C~40°C : ± 0,3°C (71,6°F~104°F : ± 0,5°F)
Заттың температурасы	≤20°C : ± 1°C >20°C : ± 5%
Ажыратымдылығы	0,1 °C
Пайдалану шарттары	16 °C бастап 35 °C дейін (85% көп емес салыстырмалы ауа ылғалдылығында)
Сақтау температурасы	-25 °C-ден 55 °C-ге дейін (85% көп емес салыстырмалы ауа ылғалдылығында)
Жады көлемі	10 өлшеу
Батарея	AAA түріндегі 1,5 В 2 батарея
Жиынтықтылау	
•	Медициналық электрондық инфрақызыл термометр;
•	Қуат беру элементтері: AAA түріндегі 1,5 В 2 батарея;
•	Жұмсақ тысқап;
•	Орыс тіліндегі пайдалану нұсқаулығы;
•	Кепілдік талоны.

13. САЛЫСТЫРЫП ТЕКСЕРУЛЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Медициналық электрондық термометрлерді тексеру МИ 3556-2016 «ӨБҚМЖ (Өлшем біртұтастығын қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі). Медициналық сандық түйіспелік термометрлер. Тексеру әдістемесі» «ОФЗЖФЗИ» ФМУК бекіткен құжат бойынша жүргізіледі. Салыстырып тексеру аралығы: 1 жыл. Типті бекіту таңбасы пайдалану нұсқаулығының негізгі бетіне типографиялық тәсілмен жағылады. Бастапқы салыстырып тексеру туралы мәліметтерді www.bwell-swiss.ru немесе www.alpha-medica.ru сайтында аспаптың атауы, үлгісі және сериялық нөмірі бойынша таба аласыз.

14. СТАНДАРТТАРҒА СӘЙКЕСТІК

Аспаптың жоғары сапасы құжат негізінде расталған.

- 15.05.2019 ж. № РЗН 2013/1078 тіркеу куәлігі
- Техникалық реттеу және метрология федералды агенттігінің өлшеу құралдарының түрін бекіту туралы куәлігі.
- Сәйкестік туралы декларациялар.

Қолданылатын стандарттар:

1. EN ISO 13485:2016
2. EO 93/42/ЕЕС директивасы

15. САҚТАУ

Сақтау температурасы –25 °С бастап 55 °С дейін, салыстырмалы ылғалдылығы 85 % және одан кем.

Құлаулардан және қатты соққылардан сақтаңыз.

Күн сәулесінің тікелей әсерінен сақтаңыз.

16. КӨДЕГЕ ЖАРАТУ

Аспапты қабылданған нормаларға сәйкес көдеге жарату және тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамау керек.

Аспапты көдеге жарату үшін Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес берілген көдеге жаратуға арналған рұқсаты бар мамандандырылған ұйымдарға хабарласу қажет.

17. КЕПІЛДІК

Дайындаушы 10 жыл бойы бұйымға тегін сервистік қызмет көрсетуді және* аспапты сатып алған күннен бастап 24 ай бойы кепілдікті міндеттемелерді қамтамасыз етеді.

Кепілдік мерзімі бойы өндірістік ақау анықталған кезде жарамсыз аспап жөнделеді, ал жөндеу мүмкін болмаса — тегін ауыстырылады. Кепілдікті міндеттемелер толықтай толтырылған кепілдік талоны болса ғана және сауда кәсіпорнының мөрі немесе техникалық қызмет көрсету мөрі болған кезде жарамды.

Кепілдік және тегін сервистік қызмет көрсету аспаптың корпусында механикалық әсер ету іздері, жапырылған жерлер, сызаттар, жарықтар және т.б., корпусы ашу іздері, авторизацияланған техникалық қызмет көрсету орталығынан тыс жөндеу әрекеттерінің іздері, корпустың ішіне ылғалдың енуі немесе агрессивті құралдардың әсер ету іздері бар болса, сондай-ақ тұтынушы пайдалану нұсқаулығында баяндалған ережелермен көзделген аспапты сақтау, тасымалдау және техникалық пайдалану ережелерін бұзған басқа жағдайларда жүргізілмейді.

Кепілдік батареяларға және аспаптың қаптамасына таралмайды.

Осы кепілдіктің шеңберінде де және ақылы да кепілдікпен техникалық қызмет көрсету бойынша ақпаратты авторизацияланған сервистік-кеңес беру орнында немесе Ресей бойынша 8-800-200-33-22 тегін жедел желі телефоны бойынша немесе болады.

B. Well аспаптарының қызмет мерзімі кемінде 10 жыл болып белгіленген. B. Well өнімінің жоғары сапасын ескере отырып, аспаптардың нақты қызмет мерзімі ресми мерзімнен айтарлықтай артық болуы мүмкін.

«Би Велл» компаниясының саясаты өнімді үнемі жетілдіруді көздейді. Осыған байланысты компания алдын ала ескертусіз және өндірістік талаптарға сәйкес өнімге толық немесе ішінара өзгерістер енгізуге құқылы.

Аспаптың өндірілген күні аспапта орналасқан сериялық нөмірде көрсетілген. Алғашқы екі сан өндірілген жылды, келесі екі сан - өндірілген айды білдіреді.

Орталық сервистік-кеңес беру орны

Мәскеу,

Мәскеу, Бехтерев көш., 27-үй, тел. (495) 325-45-63

* тегін сервистік қызмет көрсету — өндірушінің кінәсінен туындаған бұйымның кемшіліктерін (ақаулықтарын) жою.

Қалаңыздағы сервистік-кеңес беру орындарының мекенжайларын **8 800 200 33 22** тегін жедел желі телефоны бойынша немесе **www.bwell-swiss.ru** немесе **www.alpha-medica.ru** сайтынан біле аласыз



B. Well Swiss AG

Bahnhofstrasse 24, 9443 Widnau,
Switzerland

Өндіруші:

Би. Велл Свисс АГ

Банхофштрассе 24, 9443 Виднау, Швейцария
Швейцария

Өндіріс орны:

АВИТА (Вутианг) Ко., Лтд.,

№858, Тиао Тонг Роуд,
Вутианг Экономик Девелопмент Зоун,
Тиангсу Провинс, Қытай

Қытайда жасалған